

	«Астана медицина университеті» КеАҚ	ББ-АстМУ-25 8 беттің 1 беті
	Білім беру бағдарламасы «7R01112 – Дерматовенерология ересектер, балалар»	

БЕКІТІЛДІ
 «Астана медицина университеті» КеАҚ
 Директорлар кеңесінің шешімімен
 2025 жылғы «08» тамыз, № 9 хаттама



БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ
«7R01112 -Дерматовенерология (ересектер, балалар)»

	«Астана медицина университеті» КеАҚ	ББ-АстМУ-25 8 беттің 2 беті
	Білім беру бағдарламасы «7R01112 – Дерматовенерология ересектер, балалар»	

1. Білім беру бағдарламасының паспорты

Білім саласы	7R01 Денсаулық сақтау (медицина)	
Дайындық бағыты	7R011 Денсаулық сақтау	
Білім беру бағдарламаларының тобы	R012 Дерматовенерология ересектер, балалар	
Білім беру бағдарламасы	7R01112 «Дерматовенерология ересектер, балалар»	
Білім беру бағдарламасының мақсаты	Заманауи талаптарға жауап беретін, әмбебап және кәсіби біліктілік жүйесі бар, заманауи халықаралық стандарттар мен дәлелді медицина қағидаттарына сәйкес терінің неғұрлым өзекті ауруларының алдын алу әдістерін қоса алғанда, медициналық қызметтің амбулаториялық-емханалық және стационарлық деңгей жағдайында, дерматовенерологиялық бейіндегі науқастарға медициналық көмекті ұйымдастырушылардың бәсекеге қабілетті дерматовенеролог дәрігерлерін, білікті кадрларын даярлау.	
Білім беру бағдарламасының түрі	Қолданыстағы БББ	
Ұлттық біліктілік шеңбері бойынша деңгей	7	
Салалық біліктілік шеңбері бойынша біліктілік деңгейі	7	
Білім беру бағдарламасының айрықша ерекшеліктері	Жоқ	
Берілетін академиялық дәреже	-	
Оқыту мерзімі	2 жыл	
Жоғары білім бейіні	Жоғары медициналық білім	
Білім беру бағдарламасының миссиясы	Жоғары білікті дерматовенеролог дәрігерді (ересектер мен балаларға арналған), ғылым, тәжірибе және білім беру арасындағы өзара ықпалдастықты ескере отырып даярлау; әмбебап білімдер жүйесі мен кәсіби құзыреттерге ие, дербес кәсіби қызметті жүзеге асыруға қабілетті және дайын маман қалыптастыру. КеАҚ «АМУ» дерматовенерология және дерматокосметология кафедрасының 01.09.2021 ж. отырысының №1 хатамасына сәйкес бекітілді.	
Білім беру бағдарламасының аккредиттеуі және сертификациясы	19.03.2019 ж. №KZ93LAA00014823, 27.05.2021- 26.04.2026	
Білім беру бағдарламасын меңгергісі келетін адамдардың алдыңғы білім деңгейіне қойылатын талаптар	Базалық медициналық білім, жоғары медициналық білім, интернатураның болуы.	
Түлектің біліктілік сипаттамасы		
Маман лауазымдарының тізбесі	Дәрігер дерматовенеролог (ересектер, балалар)	7.2- ОРК бойынша қосалқы деңгей
Кәсіби қызмет саласы	Белгіленген талаптар мен денсаулық сақтау саласындағы кәсіби стандарттарға сәйкес дерматовенерология саласында жоғары білікті медициналық көмекті көрсетуін қамтамасыз ету арқылы халық денсаулығын қорғау.	

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ	ББ-АстМУ-25 8 беттің 3 беті
	Білім беру бағдарламасы «7R01112 – Дерматовенерология ересектер, балалар»	
Кәсіби қызмет функциясы	Дерматовенерологиялық профильге жататын науқастарға жоғары мамандандырылған көмек көрсету.	
Кәсіби қызмет түрлері	Профилактикалық, диагностикалық, емдік, реабилитациялық, психологиялық-педагогикалық, ұйымдастырушылық-басқарушылық.	

2. Бітірушінің құзыреті және оқытудың нәтижесі

2.1 Білім беру бағдарламасының құзыреті және оқыту нәтижелері

№	Құзыреті	Оқыту нәтижелері
	Жалпы құзыреті	№ ЖҚ
1	Пациентті қадағалау: дерматовенерологиялық профильдегі науқастарға клиникалық диагнозды Халықаралық статистикалық жіктемеге сәйкес тұжырымдап, емдеу жоспарын белгілеп, оны дәлелді тәжірибе негізінде медициналық көмектің барлық деңгейлерінде тиімділігін бағалай алу; инфекциялық дерматоздар мен жыныстық жолмен берілетін инфекциялардың (ЖЖБИ) алдын алу бағытындағы профилактикалық іс-шараларды өткізу; санаторлық-курорттық ем шараларын тағайындау, диспансеризация жүргізу және салауатты өмір салтын насихаттау.	ОН 1, ОН 4, ОН 6
2	Коммуникация және ынтымақтастық: дерматовенерологиялық профильдегі пациенттермен, олардың қоршаған ортамен және денсаулық сақтау мамандарымен ең жақсы нәтижелерге жету мақсатында тиімді өзара әрекеттесе алу.	ОН 2
3	Қауіпсіздік пен сапа: дерматовенерологиялық профильдегі науқастарға көрсетілетін медициналық көмектің жоғары деңгейін қамтамасыз ету үшін тәуекелдерді бағалап, ең тиімді әдістерді қолдана алу.	ОН 3
4	Қоғамдық денсаулық сақтау: Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау жүйесінің құқықтық және ұйымдастырушылық шеңберінде дерматовенерология саласында әрекет ете алу, ұлттың денсаулығын нығайту саясатын жүзеге асыру мақсатында кәсіаралық командалар құрамында жұмыс істей алу.	ОН 5
5	Зерттеулер: адекватты зерттеу сұрақтарын қалыптастыра алу, дерматовенерология бойынша кәсіби әдебиетті сыни тұрғыдан бағалай алу, дерматовенеролог дәрігерінің күнделікті қызметінде халықаралық мәліметтер базаларын тиімді пайдалана алу, зерттеу тобының жұмысына қатыса алу.	ОН 7
6	Оқыту және даму: өз бетімен оқи алу және кәсіби команда мүшелерін оқыта алу; дискуссияларға, конференцияларға және дерматовенеролог дәрігерінің үздіксіз кәсіптік дамуының басқа да формаларына белсенді қатысу.	ОН 8
	Кәсіби құзыреттер	№ КҚ
1	Наууқастардың консультациялары: 1. Аурудың анамнезін жинау; тері, оның қосалқылары және теріасты майлы қабатының аурулары бар ересектер мен балаларға	ОН 1, ОН 2, ОН 3, ОН 4, ОН 5, ОН 6

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY		«Астана медицина университеті» КеАҚ	ББ-АстМУ-25 8 беттің 4 беті
		Білім беру бағдарламасы «7R01112 – Дерматовенерология ересектер, балалар»	
		медициналық тексеріс жүргізу; науқастардың терісінің жағдайын бағалау, патологиялық процестің ауырлығын анықтау; тері жабындарын қарау нәтижелерін бағалап клиникалық тұжырымдар мен шешімдер қабылдау; науқасқа түсініктеме және кеңес беру. 2. Науқастың ағзалары мен жүйелерінің жағдайын бағалау; медициналық құжаттаманы рәсімдеу; диагностикалық іс-шаралардың жүргізілуі туралы әртүрлі жастағы науқасқа немесе оның заңды өкіліне ақпарат беру. 3. Зерттеу әдістерінің көрсеткіштері, қарсы көрсеткіштері, қауіп-қатерлері және диагностикалық маңыздылығын түсіндіру. 4. Науқасқа бағдарландырылған клиникалық бағалау жүргізу және профильді мамандардың кеңесін алу немесе клиникалық және эпидемиологиялық көрсеткіштер бойынша ауруханаға жатқызу мәселесін шешу мақсатында науқастарды басқару тактикасының жоспарын әзірлеу. 5. Медициналық қызметтер шеңберінде дерматовенерологиялық аурулары бар әртүрлі жастағы науқастарға уақытша және тұрақты еңбек қабілетін жоғалту бойынша сараптама жүргізу және медико-әлеуметтік сараптама өткізу.	
2	Клиникалық белгілерді бағалау: 1. Тері ауруларының негізгі патологиялық симптомдары мен синдромдарын анықтау; патологиялық ошақтың жергілікті статусын сипаттай білу. 2. Басым синдром бойынша дифференциалды диагностика жүргізе білу. 3. Халықаралық статистикалық аурулар мен денсаулыққа байланысты проблемалар жіктелмесін ескере отырып, клиникалық диагноз қою үшін тексеру нәтижелерін интерпретациялау. 4. Науқасты басқару тактикасын анықтау; зерттеу жоспарын тағайындау.	ОН 1	
3	Шұғыл медициналық көмек көрсету: 1. Өмірге қауіп төндіретін жағдайларда әртүрлі жастағы науқастарға алғашқы және шұғыл медициналық көмекті көрсету: ангионевротикалық ісіну (Квинке ісінуі), жедел есекжем, Лайелл синдромы, көптірлі экссудативті эритема, эритродермия (жетекші дәрігердің қадағалауымен), сондай-ақ экстремалды жағдайларда, эпидемиялар кезінде және жаппай зақымдану ошақтарында халыққа көмек көрсету.	ОН 1, ОН 4	
4	Емдеу: 1. Диагностика және емдеу клиникалық хаттамаларына сәйкес медициналық қызметтер шеңберінде әртүрлі жастағы науқастарға дерматологиялық ауруларға байланысты медициналық көмек көрсету.	Он 1, ОН 4	
5	Манипуляцияларды жүргізу: 1. Терінің және шырышты қабаттардың тексерісі (диаскопия, пальпация, қыру, дермографизмді қайта тудыру және бағалау, бұлшықет-шаш рефлексін тексеру). Морфологиялық элементтерді дерматоскопиялық зерттеу жүргізу. 2. Минор сынағын жүргізу. Псориазиялық симптомдардың триадасын анықтау, Кебнер феноменін анықтау. Уикхем сынағын өткізу. 3. Никольский симптомын, Асбо-Ганзен симптомын, Брок симптомын, Ядассон сынағын, Поспелов симптомын, Бенъе-Мещерский симптомын, Унна симптомын және «бал ұясы» симптомын анықтау/орындау. 4. Микроскопиялық және бактериологиялық зерттеу үшін уретрадан	ОН 1, ОН 3, ОН 4	

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ	ББ-АстМУ-25 8 беттің 5 беті
	Білім беру бағдарламасы «7R01112 – Дерматовенерология ересектер, балалар»	
	және қынаптан биологиялық материал алу. 5. Бальцер сынағын және Ядассон сынағын өткізу; Вуд шамымен люминесценттік диагностика жасау. 6. Гистологиялық зерттеу үшін биопсиялық материал алу (жетекші дәрігердің қадағалауымен). 7. Диагностикалық терілік аллергиялық сынақтарды жүргізу. 8. Үшкір ұшты кондиломаларды кетіру (жетекші дәрігердің қадағалауымен). 9. Тырнақты консервативті жолмен алып тастау (жетекші дәрігердің қадағалауымен). 10. Ауырсыну, температура және тактильдық сезімталдықты анықтау. 11. Жұқпалы моллюскты, папилломаларды және сүйелдерді кетіру дағдылары (клиникалық жетекшінің басшылығымен). 12. Хлорэтилмен өңдеу жүргізу дағдылары (клиникалық жетекшінің басшылығымен). 13. Беткейлік пилингтерді орындау дағдылары (клиникалық жетекшінің басшылығымен). 14. Әртүрлі типтегі маскаларды жағу дағдылары — лифтинг әсері бар, пораларды тарылтатын, қоректендіретін, сазды, ағартатын, құрғататын, термоактивті, термодинамикалық, моделирлейтін және т.б. (клиникалық жетекшінің басшылығымен). 15. Бет пен денеде физиотерапиялық косметологиялық процедураларды орындау (вапоризация, дарсонвализация, ультрадыбыс) (клиникалық жетекшінің басшылығымен). 16. Тері тазартуын жүргізу (механикалық, вакуумдық, ультрадыбыстық) (клиникалық жетекшінің басшылығымен). 17. Бет пен мойынның, иық белдеуінің косметикалық және пластикалық массажын, сондай-ақ Жаке емдік массажын орындау. 18. Мезотерапияның әртүрлі әдістерін қолдану дағдылары. 19. Контурлық пластика процедураларын орындау және ботулинотерапия жүргізу. 20. Теріні және шашты дерматоскопиялық зерттеу жүргізу дағдылары. 21. Терінің типтерін және Фицпатрик шкаласы бойынша фототиптерді анықтау дағдылары. 22. Хроно- және фотокартаю белгілерін анықтау дағдылары. 23. Кептіретін таңғыш қою, ылғалды-кебетін таңғыштар қолдану, компресс қою; шайқалатын қоспалар, майжақпалар, кремдер, пасталар, аэрозольдер, ұнтақтар, лактар, пластырьлар және т.б. жергілікті дәрілік формаларды тағайындау және қолдану дағдылары. 24. Өмірге қауіп төндіретін жағдайларда (ангионевротикалық ісіну — Квинке ісінуі, жедел есекжем, Лайелл синдромы, көптірлі экссудативті эритема, эритродермия) диагностика және шұғыл көмек көрсету. 25. Өмірге қауіпті жағдайларда медициналық көмек көрсете білу және жүрек-өкпе реанимациясы (ЖӨР) жүргізу дағдылары.	

2.2 Оқытудың нәтижесі

№	Код	Оқытудың нәтижесі	Тиісті еңбек функциялары
1	ОН-1	Тері және венерологиялық аурулардың этиологиясын, патогенезін, жіктелуін, клиникасын, диагностикасын,	Амбулаториялық, күндізгі және стационарлық жағдайларда, үйде, медициналық ұйымнан тыс, тәлімгердің бақылауы мен қадағалауы арқылы шұғыл және жоспарлы түрде білікті және мамандандырылған дерматовенерологиялық



		дифференциальді диагностикасын, және дәлелді медицина қағидаттары туралы қазіргі заманғы білімге сүйене отырып дерматовенерологиялық науқасқа медициналық көмектің барлық деңгейінде клиникалық диагнозды тұжырымдау, дифференциалды диагностика жүргізу, науқасты тексеру мен емдеу жоспарын тағайындау және жүзеге асыру, жүргізілетін емнің тиімділігі мен асқынулар болжамын бағалау.	көмек көрсету.
2	ОН-2	Пациентпен, оның айналасындағы адамдармен, әріптестерімен қарым-қатынас жасауда пациентпен, оның туыстарымен немесе заңды өкілдерімен коммуникация принциптерін, этикалық, мәдени, діни және құқықтық аспектілерді сақтай отырып өзара әрекеттесу. Көпсалалы топтарда тиімді жұмыс істеу, консилиумдарға, клиникалық қарауларға қатысу; кәсіби ортада ақпаратты тиімді тіркеу дағдыларын қолдана отырып, медициналық құжаттаманы нысандары мен түрлеріне, тиісті көлеміне, тәртібі мен мерзімдеріне сәйкес ресімдеу.	Тәлімгердің бақылауы мен қадағалауы арқылы пациенттермен, олардың айналасымен және денсаулық сақтау саласының қатысушыларымен өзара әрекеттесу. ТЕФ 4. Тәлімгердің бақылауы мен қадағалауы арқылы есептік-медициналық құжаттаманы жүргізу.
3	ОН-3	Ересектер мен балаларда дерматовенерологиялық ауруларды диагностикалау мақсатында клиникалық, зертханалық және аспаптық зерттеу әдістерін (микробиологиялық, серологиялық, иммунологиялық, дерматоскопиялық, морфологиялық) жоспарлау мен жүргізуде тиімді кешенді тәсілді қамтамасыз ету, олардың көрсетілімдері мен қарсы көрсетілімдерін бағалау, алынған нәтижелерді интерпретациялау.	Амбулаториялық, күндізгі және стационарлық жағдайларда, үйде, медициналық ұйымнан тыс, тәлімгердің бақылауы мен қадағалауы арқылы шұғыл және жоспарлы түрде білікті және мамандандырылған дерматовенерологиялық көмек көрсету.



4	ОН-4	Сыртқы және жүйелі терапияны қоса алғанда, емдеу шараларын ұйымдастыру және жүргізуде кешенді тәсілді қамтамасыз ету; шұғыл медициналық көмекті дер кезінде көрсету, өмірге қауіп төндіретін жағдайларды анықтау және клиникалық хаттамалар мен халықаралық ұсынымдарға сәйкес әрекет ету; дәлелді медицина қағидаттарына сәйкес алдын алу шараларын қамтамасыз ету; дерматокосметологиялық көмек көрсетуге қатысу.	Амбулаториялық, күндізгі және стационарлық жағдайларда, үйде, медициналық ұйымнан тыс, тәлімгердің бақылауы мен қадағалауы арқылы шұғыл және жоспарлы түрде білікті және мамандандырылған дерматовенерологиялық көмек көрсету.
5	ОН-5	«Дерматовенерология ересектер, балалар» мамандығы Қазақстан Республикасының заңнамасы мен нормативтік құқықтық актілері шеңберінде кәсіби қызметті жүзеге асыру, дербес деректердің қорғалуы мен медициналық ақпараттың құпиялылығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету, халық денсаулығын нығайтуға бағытталған сектораралық және кәсібиаралық бастамаларға қатысу.	Тәлімгердің бақылауы мен қадағалауы арқылы пациенттермен, олардың айналасымен және денсаулық сақтау саласының қатысушыларымен өзара әрекеттесу. Тәлімгердің бақылауы мен қадағалауы арқылы есептік-медициналық құжаттаманы жүргізу.
6	ОН-6	Тері және венерологиялық аурулардың біріншілікті және екіншілікті профилактикасын жүргізу, профилактикалық медициналық тексерулер өткізу, медициналық көмекке байланысты инфекциялардың эпидемиологиялық қадағалауы мен бақылау шараларын жүзеге асыру (оның ішінде хирургиялық, катетерге байланысты және қан арқылы берілетін инфекциялар).	Дерматовенерологиялық көмек көрсету кезінде профилактикалық шараларды жүргізу, микробқа қарсы тұрақтылықтың қалыптасуына жол бермеу, санитарлық-гигиеналық ағартушылық және халықтың салауатты өмір салтын қалыптастыруды тәлімгердің бақылауы мен қадағалауы арқылы жүргізу.
7	ОН-7	Зерттеу сұрақтарын орынды тұжырымдау, ғылыми және клиникалық әдебиеттердегі деректерді талдау және интерпретациялау, күнделікті тәжірибеде халықаралық ғылыми дерекқорларды пайдалану, ғылыми зерттеулерді жоспарлау және жүзеге асыру, деректерді жинау хаттамалары мен схемаларын әзірлеу, ғылыми жарияланымдар мен зерттеулерге қатысу.	Тәлімгердің бақылауы мен қадағалауы арқылы үздіксіз кәсіби даму.

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ		ББ-АстМУ-25 8 беттің 8 беті
	Білім беру бағдарламасы «7R01112 – Дерматовенерология ересектер, балалар»		
8	ОН-8	Білім беру іс-шараларына (конференциялар, семинарлар, вебинарлар) қатысу, үздіксіз кәсіби дамуды жүзеге асыру, әріптестерді оқыту, пәнаралық диалог барысында кәсіби ұстанымды дәлелді түрде қорғау, сындарлы сынға түсіністікпен қарау.	Тәлімгердің бақылауы мен қадағалауы арқылы үздіксіз кәсіби даму.